



Хабарландыру

ЖАРИЯ ТАЛҚЫЛАУЛАР

«Kyzyl Agray Sorpet» ЖШС Бірыңғай экологиялық порталында (БЭП) «Қайрақты» 220/35/6 кВ қосалқы станциясын реконструкциялау жұмыс жобасы үшін Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (ҚОҚБ) бойынша көпшілік талқылаулар түріндегі қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария талқылаулар ecorportal.kz с 22.09.2023. бастап өтеді. Жоба материалдары жария талқылаулардың баста-

лу күнінен 5 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталында қолжетімді болады. Барлық мүдделі қоғам қатысуға шақырылады.

Жобалық құжаттамаға тапсырыс беруші - «Kyzyl Agray Sorpet» ЖШС. БСН 211040029836. Занды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы а.о., Ақсу-Аюлы а., Жұмабек Күлейменов көшесі, 17 үй, тел: +7 (727) 356-06-86.

Жобалау құжаттамасын әзірлеуші - « АСПМК- 519 » ЖШС,

БСН 001040002 53 3 . Занды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Ораз Исаев көшесі, 15/88. тел: 8 (727) 378-34-67.

Бірыңғай экологиялық порталға сілтеме: <https://ecorportal.kz/Disscusion/DisPublic>

Электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірлері, қосымша ақпарат көздері: ecologist@aspmk.kz, 8-705-832-97-99.

ПУБЛИЧНЫЕ ОБСУЖДЕНИЯ

ТОО «Kyzyl Agray Sorpet» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме публичных обсуждений на Едином экологическом портале (ЕЭП) по Разделу охраны окружающей среды (РООС) к рабочему проекту «Реконструкция подстанции 220/35/6 кВ «Кайрақты».

Публичные обсуждения будут проходить на сайте ecorportal.kz с 22.09.2023. Проектные материалы будут доступны в течении 5 рабочих дней с

даты начала публичных обсуждений на Едином экологическом портале. Всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

Заказчик проектной документации - ТОО «Kyzyl Agray Sorpet». БИН 211040029836. Юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, Шетский район, Ақсу-Аюлинский с.о., с.Ақсу-Аюлы, улица Жумабека Кулейменова, дом 17, тел: +7 (727) 356-06-86.

Разработчик проектной документации-ТОО «АСПМК - 519»,

БИН 001040 002533 . Юридический адрес: Республика Казахстан, г.Алматы, Алмалинский район, улица Ураза Исаева, 15/88. тел: 8 (727) 378-34-67.

Ссылка на Единый экологический портал: <https://ecorportal.kz/Disscusion/DisPublic>

Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: ecologist@aspmk.kz, 8-705-832-97-99.

Білгенге маржан

АДАМ МІНЕЗІН ТЕЛЕФОН ҚОҢЫРАУЫНА ҚАРАП БІЛУГЕ БОЛАДЫ

Адамның мінезін жақсырақ танығыңыз келе ме? Олай болса, оның телефон қоңырауында қандай әуен тұрғанына мән беріңіз. Рингтон адам туралы көп мәлімет береді.

1. Көңілді жүретін жан-дар өзі секілді күлген адамның немесе түрлі өзіл-қалжың айтылатын рингтон қояды. Мұң-қайғы атаулысын көтермейтіндіктен, оған өзгелердің үнемі күліп жүруі маңызды. Өте мейірімді, сенгіш, кез келген уақытта көмекке келуге әзір. Ұрыс, жанжал дегендерді ұнатпайтындықтан, онымен барлығы да тіл табыса алады.

Кемшілігі: жауап-

кершілікті мойнына алмайды.

2. Дыбыссыз режим. Ол біреуге жайсыздық сезімін сыйлаудан қорқады. Әрдайым сыпайы және сабырлы. Махаббат мәселесінде өте сезімтал. Және қандай жағдай болмасын, өзгелерді айыптаудан аулақ.

Кемшілігі: ол көпшілікпен араласуды ұнатпайды.

3. Жеке рингтон. Бұл адам сән мен гаджеттерді өте жақсы бақылайтындықтан, телефоны да соңғы модельдердің бірі болуы тиіс. Оған толықтай сенім артуға болады. Өте ұстамды. Бірақ арада жақсы қарым-қатынас орнату үшін сіз де өз кезегіңізде сабырлық танығуыңыз керек болады.

Кемшілігі: қалжың түсінбейді.

4. Стандартты әуен. Бұл жанның адалдығына күмәніңіз болмасын. Ол үшін отбасы мен отбасылық құндылықтар өте маңызды.

Кемшілігі: адамды жалықтырып жіберуі мүмкін.

5. Құстардың сайрағаны немесе романтикалық әуендер. Өте сезімтал, жомарт адам. Отбасы мен достарына қамқорлық танытады. Қоршаған ортаны қорғайды. Ол өте адал дос болады.

Кемшілігі: уайымшыл, мазасыз, сенгіш.

Ал сіздің телефоныңызда қандай әуен тұр?

Биоэнергетикалық кәсіби массаж



ТЕЛЕФОН: 87082351902, 87789249192 жұмыс уақыты аптаның барлық күндері

БЭМ - бұл биоэнергетикалық массажер адам бойындағы биоэнергетикалық белсенді нүктелер мен меридиандарды ашып, адам ағзасындағы қан айналу системасын қалпына келтіре отырып, қанның қоюлануына, қан қысымының жоғарлауына, инсульт, инфаркт, қант диабеті, онкологиялық ісіктеріне жол бермеуге бағытталған алдыңғы қатарлы, жоғарғы технологиялық аппарат.

Бұл аппараттың көмегімен алған 45 минуттық массаж, 1-1,5 сағаттық 10 рет қолмен жасаған массаж және туйна, гуаша, отпен, иемен, банка қою (комплексті) алмастырады. Сонымен қатар адам ағзасындағы қан айналу, лимфа, ішек құрлысы системаларының қызметін токсин мен шлактардан тазартып, созылмалы бауыр, бүйрек, жүрек, химия терапия алған онкологиялық науқастардың қалпына келуіне орасан көмегі зор.

Мекен жайы «Sesim» сән салонының ғимараты. Шортанбай Жырау көшесі, 73 үй.

Шаптараз



Шап өңдеуге қатысты барлық қызмет көрсетіледі.

Косметикалық қызмет түрлері



Тырнақ бояу, қас коррекциясы, қас бояу

НҮРБЕКОВА ҚАЙКЕН НҮРБЕКҚЫЗЫ

Ағымдағы жылдың 13 қыркүйек күні «ҚР білім беру ісінің үздігі» ардақты ардагер ұстаз, адал жар, ұл-қыздарының аяулы анасы, әріптесіміз **Нұрбекова Қайкен Нұрбекқызы** 77 жасқа қараған шағында фениден мәңгілік бақиға озып отыр.



Қайкен Нұрбекқызы 1947 жылдың 19 қыркүйегінде Шет ауданында дүниеге келген. 1969 жылы Қарағанды педагогикалық институтының тарих факультетін тәмамдаған. Алғашқы еңбек жолын 1974 жылы аудан орталығындағы бұрынғы М.Горький (қазіргі Жамбыл Ақылбаев) атындағы мектеп-гимназиясында тарих пәнінің мұғалімі болып бастап, ордалы оқу ордасында 44 жыл бойы зейнет жасына дейін абыройлы да жемісті қызмет жасады. Ұлағатты ұстаздық жолында мыңдаған шәкірттерге білімнің нәрін сеуіп, жоғары нәтижелерге қол жеткізген Қайкен Нұрбекқызының іс-тәжірибесі еліміздегі орта білім беретін мектептердің мұғалімдеріне қосымша әдістемелік көмек құралы ретінде таратылған. Бүгінде саналы ғұмырының мағыналы белестерін өткізіп, еселі еңбек еткен оқу ордасында Қайкен Нұрбекқызы атындағы тарихи-өлкетану мұражай 2002 жылдан бері тұрақты жұмыс жасауда.

Осы орайда абыз аналықтың, ұлағатты ұстаздықтың көркем үлгісіндей болған аяулы әріптесіміздің отбасы мен балаларына және барша туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтамыз. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы жолдас болсын.

Қайкен Нұрбекқызының ғибратты істері мен асыл бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады.

“Жамбыл Ақылбаев атындағы мектеп-гимназиясы” КММ ұжымы.

Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны болған, аяулы да қымбатты анамыз, немерелерінің сүйікті әжесі, кимас бауыр **ТӨЛЕУБАЙҚЫЗЫ Бағдаттың** фениден бақиға озғанына 27-ші қыркүйекте 1 жыл толады.

Біз үшін аса қымбатты аяулы жанды сағына еске ала отырып, топырағы торқа, жатқан жері жайлы болсын деп дұға бағыштап, ас береміз.



Көңілі жан анамның әппақ еді, Балаға деп бар жақсысын сақтап еді. Немересі қуантса мерейлі еді, Баласы үшін бақытты еді асқар еді.

Жайлы болсын жер бесігін таңылған, Мамық болсын топырағың жамылған. Артындағы ұрпағыңның барында, Отың сөнбес өзін барда жағылған!

Еске алып, ас берушілер: балалары - Аян, Баян, Ұлан, келіндері, немерелері, бауырлары және туған-туыстары.

Марқұм анамыздың 1 жылдық асы 23-ші қыркүйек күні сағат 13.00-де “Тілек” дәмханасында беріледі.

Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолан, дос-жаран, барша анамыздың көзін көрген жамағаттарды шақырамыз.

Еске алу

Ақтоғай ауданы, Үшарал ауылының тұрғыны болған, ата-анасының аяулы қызы, сүйікті бауырымыз **ЕБІЛХАНҚЫЗЫ Мендігүлдің** өмірден өткеніне 40 күн толмақ.

Аса қадірлі кимас бауыр, аяулы жар, қамқор ана, халқына құрметті, сыйлы, қадірлі ұстаз еді. Амал қанша аяулы жанды сұм ажал арамыздан ерте алып кетті. Біз сені сағына еске алып, жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, қабірің нұрға толсын дейміз. Артында қалған бала-шағана, жолдасына ұзақ ғұмыр берсін деп рухына дұға бағыштаймыз. Сенің асыл бейнең мен тұла бойыңдағы қасиеттерің көз алдымыздан кетер емес. Қыршың кеткен бауырым-ай. Сені сағына отырып, мына өлең жолдарын арнаймыз:



О, тіршілік кеттің сонша зымырап, Жұлып алдың ортамыздан қызғалдақ. Алыстадың арамыздан 32 жасыңда, Сұм ажалдың ілігіп құрығына, сарғалдақ.

Әттен, шіркін қапыда қалдық айырылып, Өзінді енді көре алмаймыз зарығып. Қош бол бауырым, бақиға кеткен кимасым, Жұмақтың төрінен өзіңе орын алғайсын.

Еске алушылар: ата-анан - Ебілхан-Күлбадан, аға-женгелерін - Болатхан-Айбарша, Батырхан-Зәмзәгүл, Асанбек-Танакөз, апа-жезделерін - Қадылбек-Жайнагүл, Жәстілек-Әсемгүл, күйеубалаң-сіңілін-Жандос-Қайнарғұл.

Открыто наследственное дело после смерти Нуржаубаев Айдын Болатұлы, умершего 12.02. 2023 г. Заинтересованные лица могут обратиться к нотариусу Туткабековой Зауреш Зыркиновне, по адресу: Карагандинская область, Шетский район, пос.Агадырь, ул.Тауелсиз Казахстан, дом 9, кв 14, телефон:87103327515.